

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Конформдылық әлеуметтік
ықпал етудің нәтижесі ретінде
1-бөлім

1-тарау. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 2. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 1-бөлім

Әлеуметтік психолог адамдардың іс-әрекетіне әсер ететін әлеуметтік жағдайларды зерттейді. Кейде осы жағдайлар адамдарға қатты әсер ететіні сонша – олар ақымақтың ісін істеуге көшеді. Бұл арада автор бір ғана емес, көп адам жайлы айтып отыр. Оның ойынша, осы адамдарды психикалық науқастар категориясына жатқызсақ та, адамдардың іс-әрекетін түбегейлі түсініп кете алмаймыз. Одан гөрі мінез-құлықты қалыптастыруға әсер ететін процестер мен жағдайлардың табиғатын түсіну әлдеқайда пайдалы. Бұл бізді Аронсонның бірінші заңын танып-білуге жетелейді: «Ақымақтың ісін істейтін адамдардың бәрі ақымақ емес».

«Кент қаласының төрт студентін өлтіргені дұрыс болған» деп мәлімдеген Огайо штатындағы мұғалімді мысал ретінде алайық. Оның осындай ойға бекінген жалғыз ғана адам екеніне күмәнім бар. Мұндай көзқарастағы адамдардың бәрі психозбен ауыруы мүмкін екеніне шындап күмәнданамыз. Сонымен қатар оларды психотиктер қатарына жатқызу – осы құбылысты түсінуімізге көмектеседі дегенге де күмәнмен қараймын. Кент оқиғасынан кейін қазаға ұшыраған қыздардың бәрі жүкті болған деген өсек тарап, «өлім оларды абыройсыздықтан құтқарды» деген сөздер де айтылды.

Аронсон бұрынғы шәкірттеріміздің бірі, Еллен Бершайд атап көрсеткендей, адамдар жағымсыз әдеттерді – тәртіп бұзушыға айдар тағу арқылы түсіндіруге бейім. Осылайша оларды «жақсы адамдар» қатарынан шығарып тастайды. Бұл қисынға сенсек, жағымсыз мінез-құлыққа бола алаңдау қажет емес. Өйткені оның бізге, жақсы адамдарға, ешқандай қатысы жоқ. Бершайдтың пікірі бойынша, мұндай ойға берілудің өзі өте қауіпті. Себебі біз жағымсыз әрекет туындататын қысымдарды өзіміздің мүлде қабылдамайтынымызға сенімді болып кетеміз. Сөйтіп, әлеуметтік мәселелерді шешудің тым қарапайым тәсіліне жүгінеміз. Нақтырақ айтсақ, кім өтірікші, кім садист, кім жемқор, кім маньяк екенін анықтауға арналған диагностикалық тестер жасап, мәселені оп-оңай шеше салғымыз келеді. Мұндай жағдайда осындай адамдарды анықтауды және оларды тиісті мекемелерге апаруды әлеуметтік іс-қимыл деп айтуға болады. Әрине, бұл жерде психоз жөнінде әңгіме қозғаудың қажеті жоқ немесе психотиктер ешқашан тіркелмеуге тиіс демейміз. Сондай-ақ адамдардың бәрі бірдей, олар әлеуметтік қысымның тегеурініне бірдей жауап береді деген пікірмен де келіспейміз. Қайталап айтсақ: кейбір ыңғайсыз жағдайлар көпшілігімізді – «дені сау» ересек адамдарды өзін өте жайсыз ұстауға әкеледі. Осындай өзгерістерді, сондай-ақ жағымсыз және бүлдіргі әрекеттерді туындататын процестерді түсінуге тырысқанымыз жөн. Мұндай жағдайда осындай адамдарды анықтауды және оларды тиісті мекемелерге апаруды әлеуметтік іс-қимыл деп айтуға болады.

Аронсон осы процестерді түсінуге пайдасы тиер деген оймен түрме жайлы ойланып көруге кеңес береді. Күзетшілерге қарайық. Олар қандай кісілер? Адамдар түрме күзетшілерін мейірімсіз, аяушылық сезімінен жұрдай, безбүйрек адамдар деп ойлайды. Кейбіреулер оларды тумысынан қатыгез, жауыз, адамдарды азаптаудан ләззат алатын жандар деп есептейді.

Айналаға осындай қалыптасқан түсінік аясынан қарайтындар: «қатыгез адамдар ғана күзетші болады, өйткені бұл жерде олар қатыгездігі үшін ешқандай жаза тартпайды» деп топшылауы ғажап емес. Енді тұтқындар жөнінде ойланыңыз. Олар қандай? Бүлікшіл ме? Мойынсынғыш па? Қалай ойласақ та, көпшілігіміз тұтқындар мен күзетшілерді өзімізге мүлде ұқсамайтын, мінез болмысы да, адамгершілік қасиеттері де бөлекше жандар деп есептейміз.

Конформдылық психологиялық құбылыс ретінде

Әлеуметтік жануар екенімізді айғақтайтын тағы бір себеп – біз жеке құндылықтар мен басқаларға бағыну құндылықтары арасындағы текетірес жағдайында өмір сүреміз.

Әйтсе де, біз осы ұғымдарды бейнелі мағынадағы синоним сөздерді қолдана отырып, түсіндіріп бере аламыз. Индивидуалисті немесе нонконформисті – бітім-болмысы өзгелерге кереғар адам деп, конформисті командалық ойыншы деп те айтуымызға болады.

Конформдылық деген не?

Конформдылық дегеніміз – бір кісінің немесе белгілі бір топтың қысымы салдарынан адамның мінез-құлқының, пікірлерінің өзгеруі.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 2. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 1-бөлім

Біз Сэм басынан өткізген оқиғасына ұқсас эксперименттік жағдай туындатып, маңызды болуы мүмкін факторларды бақылай да, өзгерте де аламыз. Соломон Эш осындай базалық жағдайға классикалық эксперимент жасады. Сіз нақты шешім қабылдау талап етілетін экспериментке өз еркіңізбен қатыстыңыз. Бөлмеде тағы төрт қатысушы бар. Эксперимент жасаушы адам бәріңізге тік сызықты көрсетеді. Сонымен бірге ол тағы да үш сызық көрсетіп, сіздерге тапсырма береді. Берілген тапсырма – үш сызықтың қайсысы ұзындығы жағынан Х сызығына барынша жақын екенін табу. Шешімі сізге өте оңай болып көрінеді.

Ең жақыны В сызығы екені сізге айдан анық болып тұр. Жауап беретін кезеңіңіз келгенде, В сызығы жақын екенін айтуға дайын тұрсыз. Бірақ жауап беру кезегі келген жоқ. Кезегі келген жас жігіт сызыққа мұқият қарап: «А сызығы», – дейді. Аузыңыз ашылып, оған сұраулы жүзбен қарайсыз. «Кез келген ақымақ дұрыс жауаптың В екенін көріп тұрғанда, бұл қалай А екеніне сенімді? – деп сұрайсыз өзіңізден. – Ол не соқыр, не есінен адасқан болуы керек». Енді екінші адамның жауап беретін кезегі келеді. Ол да А сызығын таңдайды. Сіз енді ғажайыптар еліндегі Алисаның кебін киесіз. «Бұл қалай болғаны? Анау да, мынау да соқыр ма, әлде есінен адасқан ба?» – дейсіз іштей. Бірақ одан кейін жауап берген адам да А сызығын көрсетеді. Сіз сызықтарға қайта үңілесіз. «Мүмкін, есінен адасқан мен өзім шығармын?» – дейсіз міңгірлеп. Енді төртінші адамға кезек келеді. Ол да А сызығын дұрыс деп есептейді. Ақыр соңында, сіздің кезеңіңіз келеді. «Бұл – А сызығы ғой, әрине. Мен әу бастан-ақ біліп тұрдым» дейсіз.

Эш экспериментінде колледж студенттері дәл осындай қайшылыққа тап болды. Сезген боларсыз, алғаш жауап бергендерді экспериментші жалдаған. Оларға бұрыс жауапты көрсетуге нұсқау берген. Жеке қарастырғанда, перцепциялы шешім шығару адамдар топтық қысымға ұшырамай, өз таңдауын жалғыз жасаған кезде өте жеңіл. Шынында да, тапсырма өте жеңіл болды, ал дұрыс жауаптың анықтығы сонша – Эштің өзі топтық қысымның әсері тіпті мардымсыз болатынына сенімді еді. Бірақ оның болжамы дұрыс шықпады. Сауалнамаға қатысқан курстастардың басым бөлігі 12 шешім бойынша, бірдей бұрыс жауап беруге келісті. Тіпті, қатысушылардың төрттен үші қате жауап беріп, кем дегенде, бір рет конформдылық танытты.

Ол өзінің классикалық экспериментін 60 жыл бұрын жасады. Нәтиже өзінің ойлағанындай болып шықты. «Қазіргі америкалық студенттер мүлде бөлек, сондықтан аталған эксперимент бүгінгі күні ондай нәтиже бермейді» деуге де болар еді. Бұлай деуге толық негіз бар. Өйткені компьютер мен ғаламтордың пайда болуына байланысты біз жетіле түстік. Демек, топтық қысымдарға бұрынғыдай сезімтал емеспіз деуімізге де болады. Әйтсе де бұлай болмай шықты.

Топтық қысымға қарсы тұру өте қиын. Мұны қатысушылардың бет-жүзінен ғана емес, олардың жүйке жүйесі қызметінен де байқауға болады.

Осы эксперименттің қызығы мынада: ілесе кетуге бейім көптеген басқа жағдайларға қарағанда, мұнда адамның даралығын сақтап қалуға нақты шектеулер қойылмайды. Көптеген басқа жағдайларда некомформдылыққа қарсы шаралар анық және кесімді болып келеді.

Адамдардың көпшілігі, ең алдымен, айналасындағы кісілерге дұрыс көрінуді ойлап өмір сүрсе, енді біреулері өзге адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуды мақсат етеді. Мысалы, адамдар Эш жүргізгендей эксперименттерді бейтарап жағдайда бақыласа, қатысушылардың өздеріне қарағанда конформды екеніне көздері жетер еді. Бір қызығы, дәл осы құпия бақылаушылар шынайы байқататынына қарама-қайшы өздерінің едәуір аз конформды болатынын болжайды, яғни біз басқа адамдардың конформды болатынын білеміз, бірақ өзіміздің қаншалықты конформды екенімізді дәл бағалай алмаймыз.

Эштің экспериментіне қатысушылар өздерінің алғашқы пікірінің – қате, ал басқалардың ортақ шешімі дұрыс болып шыққанына сенді ме? Сенбеген шығар. Өйткені сызықтың ұзындығы туралы шешім объективті және анық болды. Оның эксперименті аяқталған соң жүргізілген әңгіме кезінде қатысушылардың бірнешеуі жұрт сөзіне ермегенін, өз көздері жетіп тұрған ақиқатты айтқанын мәлімдеген. Ал кейбіреулер «елдің бәрінің көзі жетіп тұрған шындықты түсінуге мына кісінің өресі жетпегені ме?» деп ойлап қалар деген қауіппен, эксперимент жүргізушіден қысылып, өтірік айтқан. Сэм жайлы не деуге болады? Ол іш тартқан адам президенттікке өзі ойлағанындай сай болмай шыққанын айтып, колледж студенттерін сендірді ме, әлде өз пікірінің дұрыстығына сене отырып, курстастарының шешімімен келісе салды ма? Мұндай сұраққа жауап беру үшін, алдымен, конформдылыққа әсер ететін кейбір факторларды қарастырғанымыз жөн.



Конформдылықты ұлғайтатын және азайтатын факторлар

Пікірлестік. Эштің зерттеуі секілді жағдайларда зерттелушінің пікірі көпшіліктің пікіріне конформды болу ықтималдығын анықтайтын негізгі фактордың бірі – көпшіліктің пікірлестігі. Қатысушыға дұрыс жауап беретін бір ғана «одақтас» қосылса, онда көпшілік қате пікіріне қосылу процесі күрт азаяды.

Шындығында, пікірлестікті одақтас емес адам бұзса да, топтың билігі едәуір әлсірейді, яғни топтың басқа бір мүшесі көпшіліктің қате жауабынан бөлек бұрыс жауап берсе де, тағы бір «дисиденттің» болуы конформдық мінез-құлықтың пайда болуына әсер ететін қысымды азайтады. Мұндай жағдайда зерттелуші «В сызығы» деп дұрыс жауап беруі мүмкін. Басқаша ойлайтын екінші адам көпшілік пікірінің ықпалынан құтылуға қатты әсер етеді. Дегенмен пікірлестік, шынында да, бар болса, зерттелушінің ең жоғары конформдылыққа жеткізу үшін осы көпшіліктің тым көп болуы аса маңызды емес. Жеке тұлғаның топтық қысымға конформды болуы пікірлес көпшіліктің 3 адамнан ғана немесе 16 адамнан тұратынына байланысты емес.

Міндеттеме. Адамды өзінің бастапқы пікіріне беріктігін нығайтуға итермелеу арқылы, топтық қысымға біржақты конформдылықты азайтуға болады. Өзіңізді ірі лиганың бейсбол матчындағы төреші ретінде сезініп көріңіз.

Есеп беруге міндеттілік. Сіз шешім қабылдарда топ қысымына ұшырадыңыз делік. Одан бөлек, сессия соңында өз шешіміңізді топтың басқа мүшелерінің алдында негіздеуге тиіссіз. Не нәрсе шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін? Зерттеу көрсеткеніндей, көп жағдайда топ алдында есеп беруге міндеттілік конформдылықтың ұлғаюына алып келеді.

Сізге барынша нақты болуыңызды талап ететін нұсқаулық берілсе не болады? Осы сұраққа жауап беру үшін Эндрю Куинн мен Барри Шленкер адамдарды нашар шешімге конформды етуге бағытталған процедурадан өткізді. Зерттеуді сіңірмес бұрын экспериментшілер екі нәрсе істеді: 1. қатысушылардың мейлінше нақты жауап беруі тиіс бір тобын және дұрыс қатынас жасауға ниетті бір тобын жинады; 2. екі топтың да қатысушыларының жартысына шешім қабылдаған соң өз әріптестерімен сөйлесіп, өз шешімдерін ақтап шығу жүктелді.

Нәтиже айдай анық еді. Нақты жауап бергендер және өздері ықпалына қарсы тұрған адамдарға нонконформдылығын түсіндіріп беруі тиіс болғандар тамаша шешім қабылдаған, барынша тәуелсіз адамдар еді. Олар бұл жағдайда өздерін нақты жауап бергенімен, жауапкершілікке шақырылмаған адамдарға қарағанда өте еркін ұстаған. Бұлардың көпшілігі икемделгіш шешімдерге жауапкер ретінде шақырылғанын білмейінше, алға баса берді.

Адам және мәдениет. Конформдылыққа әсер ететін тағы бір маңызды фактор – мақсатты адамның кейбір мінезі. Өзін-өзі төмен бағалайтын адамдар өзіне жоғары баға беретіндерге қарағанда топтық қысымға тез түседі. Бұл процесте нақты міндетке бағытталған өзін-өзі бағалау әдеті маңызды рөлге ие. Адамдар осы мәселені шешуге өздерінің қабілеті аз немесе тіпті жоқ деп сенсе, олардың конформдылыққа бейімдігі арта түседі. Ал белгілі бір тапсырма, мысалы, сызықтардың ұзындығын табу мүмкіндігі берілген жеке тұлғалар осы іске ықпалсыз кіріскендерге қарағанда конформдылыққа аз барады.

Келесі маңызды фактордың бірі – адамның өзін белгілі бір топта қалай сезінетіні. Біздің бұрынғы мысалымызға оралсақ, Егер Сэм таныстарымен қарым-қатынаста өзін сенімсіз сезінетіндей емес, олар өзін жақсы көріп, еркін қабылдайтынына сенімді болса, солардың пікірімен келіспейтінін білдірер еді. Бұл пікірімізді Джеймс Диттс пен Харольд Келлидің эксперименті нақтылай түседі. Олар колледж студенттерін көпке ұнамды беделді топқа қосылуға шақырды. Кейін оларға осы топтағы жағдайлары қаншалықты жақсы екені жөнінде ақпарат берілді. Топтың барлық мүшесіне: «егер біз үшін тиімсіз болып жатсаңыздар, қай-қайсыларыңызды да кез келген уақытта топ құрамынан шығарып тастай аламыз» деген сөз айтылды. Одан кейін топ жасөспірімдердің құқық бұзушылық мәселесін талқыға салды. Пікірталас ара-тұра тоқтатылып, әрқайсысына басқалардың топ үшін бағалылығын анықтау жөнінде тапсырма берілді. Пікірталасан соң әрбір қатысушыға өзін басқалар қалай бағалағаны көрсетілді. Шындығында, қатысушының барлығына алдын ала дайындалған жалған пікір берілгенді. Кейбір зерттелушіге оны топтың жақсы қабылдағаны, ал кейбіріне басқалардың сеніміне ие бола алмағаны айтылды. Топтың әрбір мүшесінің конформдылығы – оның



- Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 2. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 1-бөлім

жасөспірімдердің құқық бұзушылық мәселесін талқылау кезінде айтқан пікірінің мазмұнына, сондай-ақ қарапайым қабылдау тапсырмасын орындау кезінде топтық қысымға қаншалықты төтеп беретініне қарап анықталды. Нәтижесінде өздерінің топқа мүше екенін жоғары бағалайтын адамдар сол топқа онша қабылданбаған адамдарға қарағанда, топ нормалары мен стандарттарына көбірек конформдылық байқатты. Басқаша айтқанда, адам үшін топ ішінде қорғану оңай, бұл жерде ол жалпы қабылданған нормаларды бұза алады.

Топқа қарсы тұру процесінде бірқатар маңызды мәдени ерекшеліктер де бар. Осындай мәдени ерекшеліктердің біреуі мынадай халық даналығында айқын байқалады. Америкада: «Шиқылдаған дөңгелек майланып тыныш табады», ал Жапонияда: «Сорайған шеге қағылып тынады» деген сөз бар. Осы сөздің дұрыстығын Род Бонд пен Питер Смит те нақтылай түсті. 17 елде Эш процедурасын қолдана отырып жасаған 133 экспериментті талдау кезінде олар жекеменшік қоғамға қарағанда, ұжымдық қоғамда конформдылық кең тарағанын анықтады. Дегенмен еркектерге қарағанда әйелдерде аз да, болса да гендерлік ерекшелік бар. Бірақ зерттеуші ер адам болса немесе топтық тапсырма ер адамдарға лайықталса, бұл гендерлік ерекшеліктің анық байқалатынын ескерген жөн.

Топ қысым жасайды. Қысымның мықтылығы, әрине, қысым жасайтын топтың құрамына байланысты. Егер топ: 1. сарапшылардан жасақталса; 2. оның мүшелерінің жоғары әлеуметтік мәртебесі болса; 3. кей жағдайда топ мүшелері бір-бірімен тең болса, топты конформдылыққа жұмылдыруда тиімді болады.

Өздеріңізге таныс колледж студенті Сэмге қайта оралайық. Егер ол достарын саяси сарапшы санап, адамның шынайылығы туралы дұрыс пікір білдіре алатынына сенсе, онда достарының қысымына тез бойсұнады. Дәл осындай ықтималдықпен ол мүлде орны жоқ жандарға қарағанда, мәртебесі жоғары немесе сенім артар дос болуға лайық адамдардың ығында кетер еді. Ең соңғысы, шартты түрде 10 жасар балалар тобының, құрылысшылардың немесе португалиялық биохимиктер тобының пікіріне қарағанда, курстас болған соң, достары Сэмнің мінез-құлқына зор ықпал жасайтыны сөзсіз.

Конформдылық ықпал нысаны топ емес, адам болғанда әсер етеді. Осылайша, біз өзімізге ұқсас, өзіміз құрметтейтін немесе тәжірибесі мол, өкілеттігі бар адамның әрекеті мен пікіріне сәйкес болуымыз өте ықтимал. Зерттеу көрсеткендей, адамдар өте таптаурын мәселелерге қатысты болса да, қарапайым киінген адамдарға қарағанда, форма кигендердің талабын орындауға бейім. Бір зерттеуде: көлігінің тұрақтағы уақыты аяқталған жүргізушіге көмектесуге жаяу жүргіншілерден ұсақ ақша берулерін сұрады. Жүргізуші күнделікті үй киімімен немесе жұмыс костюмімен тұрған сәтіне қарағанда, тұрақ бақылаушысы полиция формасын киіп тұрғанында жаяу жүргіншілер оның өтінішіне көбірек құлақ асқан. Демек, киімі танытып тұратын биліктің сыртқы келбетінің өзі өтініштің шынайы екенін байқата алады, сөйтіп, көнгіштіктің жоғары көрсеткішін туындатады.

Жазушы Малькольм Гладуелл кейбір құрметті адамдар қажет жерде қажет уақытында болғанда, негізгі әлеуметтік үдерістер конформдылық механизмі арқылы шұғыл және аяқасты жиі өзгеретінін айтады. Гладуелл үлкен өзгерістер шырқау шегіне жеткен кезде аяқастынан болатын өзгерістерді «бетбұрыс нүктесі», ал осындай өзгерістер жасай алатын адамды «дәнекерлеуші» деп атайды. Осы «дәнекерлеушілер» құр сөздің күшімен-ақ әрең күн кешіп отырған мейрамхананы бірнеше апта ішінде адам аяғы арылмайтын, кісі көп келетін демалыс орнына «айналдыра алады». Түймедейді түйедей етіп, аузымен орақ орауға «дәнекерлеушілер» шебер келеді. Мысалы, маммограммаға үнемі зәру әйелдерді маманға қарату. Гладуелдің айтуынша, «дәнекерлеушілердің» сарапшы болуы міндетті емес. Олар – тиісті тақырыпты «білетін» және тиісті жерлерде сол туралы сөйлей алатын қарапайым адамдар. Медициналық сарапшы емес адамдар қалайша әйелдерді тұрақты түрде маммограмма жасауға мәжбүрлей алады? Орын маңызды. Бұл жағдайда тағдыршешті сәт әйелдер бейресми жиналып, бос уақытын өткізетін, бір-бірін тыңдап, әңгіме айтатын жерде болған. Мұндай орын – сұлулық салоны, ал «дәнекерлеушілер» косметологтар еді.